e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 06.12.2023
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 06.12.2023
Дата скачивания 29.03.2024

Жаңаөзен қаласының мәслихаты

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2017 жылғы 18 шілдедегі № 11/139 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 тамызда № 3412 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Жанаөзен қалалық мәслихатының 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 9/84 шешімімен

Маслихат города Жанаозен

Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 28/233 «Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының Теңге, Қызылсай және Рахат ауылдарында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің санын айқындау қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күші жойылған

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 06.12.2023 № 9/84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 «Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Жаңаөзен қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

1. Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 28/233 «Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының Теңге, Қызылсай және Рахат ауылдарында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің санын айқындау қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2450 болып тіркелген, 2014 жылғы 25 маусымдағы № 26 «Жаңаөзен» газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

шешімде:

2 тармақ алынып тасталсын;

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының Теңге, Қызылсай және Рахат ауылдарында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің санын айқындау қағидасында:

7 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«7. Бөлек жиынды ауылдың әкімі шақырады.

Қала әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.».

2. «Жаңаөзен қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы А.Ермұханов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жаңаөзен қалалық мәслихатының аппарат басшысына (А.Ермұханов) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы **Қалалық мәслихат хатшысы**

А.Қарамұрзаев **С. Мыңбай**

Күші жойылған